

2016 жылы Қызылорда облысы спортшыларының әлеуметтік қорғалуы мәселелері туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 286 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 26 қаңтарда № 5324 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылы спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ, спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамында ойнайтын Қызылорда облысының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне осы қаулының қосымшасына сәйкес ай сайын ақшалай үлес төленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р. Кенжеханұлына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Көшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2015 жылғы "30" желтоқсандағы
№ 286 қаулысына қосымша

2016 жылы спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін Қызылорда облысының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ, спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамында ойнайтын Қызылорда облысының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайын ақшалай үлес

Жарыстардың атаулары	Орын	Ай сайын ақшалай үлес мөлшері

Жазғы, қысқы Олимпиада ойындары	1 - орын	2075 АЕК
	2 - орын	1500 АЕК
	3 - орын	1000 АЕК
	4 - орын	300 АЕК
	5 - орын	200 АЕК
	6 - орын	100 АЕК
Жазғы, қысқы Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындары	1 - орын	1500 АЕК
	2 - орын	1000 АЕК
	3 - орын	300 АЕК
	4 - орын	200 АЕК
	5 - орын	100 АЕК
	6 - орын	80 АЕК
Әлем чемпионаты (олимпиадалық спорт түрлері бойынша) ересектер арасында	1 - орын	550 АЕК
	2 - орын	500 АЕК
	3 - орын	300 АЕК
Әлем чемпионаты (олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша) ересектер арасында	1 - орын	150 АЕК
	2 - орын	100 АЕК
	3 - орын	80 АЕК
Жазғы, қысқы Азия ойындары, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындары, Бүкіләлемдік универсиада	1 - орын	180 АЕК
	2 - орын	150 АЕК
	3 - орын	120 АЕК
Жасөспірімдердің жазғы, қысқы Олимпиада ойындары	1 - орын	150 АЕК
	2 - орын	100 АЕК

	3 - орын	80 АЕК
Азия чемпионаты (олимпиадалық спорт түрлері бойынша) ересектер арасында	1 - орын	100 АЕК
	2 - орын	80 АЕК
	3 - орын	60 АЕК
Азия чемпионаты (олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша) ересектер арасында	1 - орын	60 АЕК
	2 - орын	50 АЕК
	3 - орын	40 АЕК
Әлем Кубогі, әскерилер арасында Әлем чемпионаты (олимпиадалық спорт түрлері бойынша)	1 - орын	100 АЕК
	2 - орын	80 АЕК
	3 - орын	60 АЕК
Әлем чемпионаты (олимпиадалық спорт түрлері бойынша) жастар арасында	1 - орын	80 АЕК
	2 - орын	70 АЕК
	3 - орын	60 АЕК
Әлем чемпионаты (олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша) жастар арасында	1 - орын	60 АЕК
	2 - орын	50 АЕК
	3 - орын	40 АЕК
Азия чемпионаты (олимпиадалық спорт түрлері бойынша) жастар, жасөспірімдер арасында	1 - орын	60 АЕК
	2 - орын	50 АЕК
	3 - орын	40 АЕК
Азия чемпионаты (олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша) жастар, жасөспірімдер арасында	1 - орын	45 АЕК
	2 - орын	35 АЕК
	3 - орын	25 АЕК
	1 - орын	60 АЕК

Қазақстан Республикасының чемпионаты, Қазақстан Республикасының жазғы, қысқы Спартакиадасы (олимпиадалық спорт түрлері бойынша) Қазақстан Республикасының Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындары	2 - орын	50 АЕК
	3 - орын	40 АЕК
Жазғы, қысқы Жастар ойындары, Қазақстан Республикасының чемпионаты, (олимпиадалық спорт түрлері бойынша) жастар арасында	1 - орын	35 АЕК
	2 - орын	25 АЕК
	3 - орын	20 АЕК

А б б р е в и а т у р а н ы ң т о л ы қ ж а з ы л у ы :

АЕК – айлық есептік көрсеткіш

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК